

**2013 жылға арналған жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелерін отырғызуға және өсіруге жұмсалған шығындардың құнын ішінара өтеуге арналған субсидиялар нормаларын белгілеу туралы**

Атырау облысы әкімдігінің 2013 жылғы 31 мамырдағы № 205 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 06 маусымда № 2738 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, 37-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы" қаулысымен бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 8-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ**  
**Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2013 жылға арналған жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелерін отырғызуға және өсіруге жұмсалған шығындардың құнын ішінара өтеуге арналған субсидиялар нормалары белгіленсін.

2. "Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары **Ғ.И. Дүйсембаевқа** жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Б. Ізмұхамбетов*

" **К Е Л І С І Л Д І** "

*Қ а з а қ с т а н*

*Ауыл шаруашылығы министрі*

*2013 жылғы 31 мамыр*

*Р е с п у б л и қ а с ы н ы ң*

*А. Мамытбеков*

**А т ы р а у**

**о б л ы с ы**

**ә к і м д і г і н і ң**

**2 0 1 3**

**ж ы л ғ ы**

**3 1**

**м а м ы р д а ғ ы**

**№**

**2 0 5**

қаулысына қосымша

**2013 жылға арналған жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелерін отырғызуға және өсіруге жұмсалған шығындардың құнын ішінара өтеуге арналған субсидиялар нормалары**

Жеміс дақылдарының түрі	Отырғызу сызбасы	Отырғызу және өсіру шығындары (1 вегетация), теңге										
		Барлығы	соның ішінде сатып алуға:						Тамшылатып суару жүйесі, субсидиялар нормалары	Субсидиялар нормасы, (40%)	Басқа да шығындар	Сүно %)
			Көшеттер 1 га	Субсидиялар нормасы, (40%)	Тіреуіш бағандар	Субсидиялар нормасы, (40%)						
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11		
Алма ағашы	8x6	1202440	208000	83200	-	-	310800	124320	683640	27		
Алма ағашы	8x5	1248080	250000	100 000	-	-	310800	124320	687280	27		
Алма ағашы	8x4	1316489	313000	125 200	-	-	310800	124320	692689	27		
Алма ағашы	5x3	1763173	667000	266 800	-	-	370000	148000	726173	29		

**кестенің жалғасы**

Жеміс дақылдарының түрі	2 вегетация, теңге		3 вегетация, теңге		4 вегетация, теңге	
	Барлық шығындар	Субсидиялар нормасы, (40%)	Барлық шығындар	Субсидиялар нормасы, (40%)	Барлық шығындар	Субсидиялар нормасы, (40%)
1	12	13	14	15	16	17
Алма ағашы	47 202	18 881	42 443	16 977	214 743	85 897
Алма ағашы	47 639	19 056	43 012	17 205	214 743	85 897
Алма ағашы	48 286	19 314	43 850	17 540	214 743	85 897
Алма ағашы	52 156	20 862	48 642	19 457	214 743	85 897